

## Кемел іс – кең өріс

### Жәнібек ӘЛИМАН

Алаш жұрты әу бастан абадан арыс ұлдарға кенде емес. Өрісін айтпағанда, Алаш арыстары – Әлихан, Ахмет, Әлімхандар...



Солардан қалған ұлағат жолын ұштаған тұлға – Жұмабек Тәшенов! Кезінде Кремльге барып, Н.Хрущевпен тәжікелесіп, Қазақстанның білдей бес облысын Ресей иелігінен алып қалған «Кісендеулі жолбарысқа» (лақап аты) көше аты бұйырды.

Қабырғалы қайраткерге Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданындағы Қарақұдық ауылынан тиген көшенің бұрынғы атауы «Молодежная» екен.

Енді мұқым қазақтың маңғазы Жұмабек Тәшенов атымен айбарланды.

Аталған ауылдың бұдан да басқа «Набережная» көшесіне суреткер Ғабиден Мұстафиннің, «Центральная» көшесіне осы ауыл тумасы, елге қадірлі ұстаз Әбілдә Қыздарбековтің есіміне таңылды. Алқалаған ауыл-елдің қуанышында шек жоқ. Өтініш тілектеріне қолдау білдірген құзырлы орындарға шексіз алғыс айтуда.

Солтүстік Қазақстандағы бес облыс – кәуірден қайырып алған Жұмабектің жұрты. Тар заманда жатқа бермеген Тәшеновтің теріскейі – (қазақ ұғымында солтүстік емес – теріскей. Сол жақ беттен күн түспейді) қазақ топырағының құнары, кең өрісі. Ендеше, ерлерден қалған кең өріске кемел іс қылу – алдағы уақытта да жалғасуы тиіс.